

"1995 жылғы 20 қаңтардағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімді орындау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 1405 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 1228 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «1995 жылғы 20 қаңтардағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімді орындау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 1405 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Келісімді орындау жөніндегі уәкілетті орган болып тағайындалсын.
»

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі көрсетілген Келісім бойынша Қазақстан тарапынан уәкілетті органның өзгергені туралы Ресей Федерациясының Үкіметін бір апта мерзімде хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов